

ГУМАНИТАРЛЫҚ ЖӘНЕ САЯСИ-ӘЛЕУМЕТТІК ҒЫЛЫМДАР

ГУМАНИТАРНЫЕ И СОЦИАЛЬНО-ПОЛИТИЧЕСКИЕ НАУКИ

FTAMP 67.01.09

М.С.Касенов

Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университеті
Атырау қ., Қазақстан Республикасы

E-mail: kasenov.1959@mail.ru

ҚАРАБАУ ҒИБАДАТХАНАЛАРЫ

Аңдатпа

Мақалада Атырау облысы Қызылқоға ауданы Қарабау ауылынан маңындағы ерекше ғибадатханаларға жүргізілген археологиялық зерттеулер баяндалады. Олар, Қарабау ауылынан 9,5 км., солтүстікте, Индер - Миялы тас жолынан батысқа қарай 1 км., қашықта орналасқан. Ғибадатханалар орналасқан жер солтүстіктен оңтүстікке созылып жатыр, алқап жердің көлемі: 6 x 4 км.

Ғибадатханалар диаметрі: 70-150 метр аралығында. Олар өзінің құрлысымен ерекшеленеді. Қазақстан жерінде бұндай ескерткіштер кездеспеген. Қарбау маңында ерте темір дәуірінің ондаған обалары мен тұрақтары бар. Ғибадатхана маңында да, қола және темір дәуірінің ондаған обалары шоғырланған.

Осы маңдағы құм шағылдарда, ерте темір кезеңінің қыш құмыралары, қару - жарақ, зергерлік бұйымдары және алтын әшекейлері көптеп кездеседі. Келешекте аймақтағы ескерткіштерді жүйелі зерттеу қажет.

Негізгі сөздер: Қарабау, ғибадатханалар, тұрақтар, сарматар, дәстүр, мәдениет, жерлеу салтты.

КІРІСПЕ

2018 жылы маусым айында Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің, тарих факультеті студенттері археологиялық практикасы кезінде Қарабау ғибадатханаларына археологиялық барлақазбаларын жүргізілді. Осы ғылыми жұмыстар нәтижесінде құнды деректер жиналды. Зерттеу жұмысының алғашы нәтижелері негізінде мақала жазылып отыр.

4 ғибадатхана - Қарабау ауылынан 9,5 км., солтүстікте, Индер-Миялы тас жолынан батысқа қарай 1 км., қашықта орналасқан. Олардың диаметрі: 70 - 150 метр аралығында. 3 ғибадатхана солтүстіктен оңтүстікке тізбектеліп бір қатарда созылып жатыр. 1-3 сурет.

Бұл ғибадатханалар 2005 жылғы археологиялық барлау кезінде табылған, сызбасы алынған [1].

Бірақ бұрын жасалған құжаттарда ғибадатхана 1 ортағасырлық қалашық, ал 2, 3, 4 ғибадатханалары оба ретінде берілген [2].

Ғибадатхана 1. Кординаты: N 48°32.081. EO 52°55.008. Көлемі: диаметрі -150 м., сыртқы қамал-жал биіктігі - 2,5 м, ені - 8 м. Қамал - жал сыртын - 2-3 қатар болы 196 апан шұңқырлар айнала қоршап тұр. Диаметрлері: 2-6 м., тереңдігі - 1-2 метр. Солтүстік жақ бетінде апан шұңқырлар 4 қатарға дейін барады. 4 - 11 сурет.

Қамал іші тегіс, алаң диаметрі 90 м. Қақпасы оңтүстікке қараған ені - 6 м., ұзындығы -12 м., жол қамал-жал арқылы, апан шұңқырлар үстінен өткен.

Ғибадатхана ортасындағы алаңға көлемі: 5 x 2 метр, тереңдігі - 0,80 метр кесінді қазба (шруф) салынды, 0,40 м., тереңдіктен қыш ыдыстың кішкене сынықтары, малдың сүйектері шықты. 15,16 сурет.

Табылған қыш ыдыстар оны темір дәуірінің құрылысы деп болжауға мүмкіндік береді. Кешенің ғарыштық фотосуреті күннің бейнесін береді. 17 сурет

Қамал - жалының солтүстік-шығыс бөлігіне ені - 1 м, ұзындығы - 10 м., кесінді қазба салынды. Кесінді қабаттан, 1 м., тереңдіктен, солтүстік-батысқа қаратылып жерленген баланың қабірі табылды. Қамал дуалы құмайты топырақтан үйілген. 18 -22 сурет.

Ғибадатхана 2 – ғибадатхана 1-дің оңтүстік – батысында 280 метр қашықта орналасқан. Координаты: N 48°.31.941. EO 52° 54.746. Көлемі: диаметрі - 95 м., биіктігі - 1,5 м. Ортасы: диаметрі 40 метрге, тереңдігі 0,50 метрге ойыс болып келген. Сыртын: ені - 5 м., тереңдігі -1 метрге жететін, ор айнала қоршап тұр. 12- сурет.

Ғибадатхана 3 – ғибадатхана -1-дің солтүстік шығысында, 100 метр қашықта орналасқан. Координаты: N 48°.31.151. EO 52° 55.164. Көлемі: диаметрі -70 м., биіктігі -1 м. Сыртын: ені -4 м., тереңдігі -1 метрге жететін, ор айнала қоршап тұр. Ортасы: диаметрі 20 метрге, тереңдігі 0,30 метрге ойыс болып келген. 13 сурет.

Ғибадатхана 4 - ғибадатхана 1-дің шығысында 700 метр қашықта орналасқан. Координаты: N 48°.31.890. EO 52° 55. 617. Көлемі: диаметрі - 80 м., биіктігі - 1,5 м. Сыртын: ені - 4 м., тереңдігі -1 метрге жететін, ор айнала қоршап тұр. Ортасы: диаметрі 15 метрге, тереңдігі 0,30 метрге ойыс болып келген 14 сурет.

Қарабау ғибадатханалары маңында ондаған обалар бар. Олар темір дәуірі кезеңіне тән. Ежелгі темір дәуірінде тайпалар күнге және отқа арнап ғибадатханалар салған. Оның маңына обалар салынып, табыну алаңына айналған.

Ғибадатхана 1 - дің солтүстік жағында, 1,5 км., қашықта орналасқан, Қарабау 3,4,5 обаларына қазба жұмыстары жүргізілді. Олар б.з.д. II ғасырдағы темір дәуіріне жатады [3].

Қарабау ауылы маңындағы Жолайшағыл құмынан темір дәуірінің қабірлері табылды. Олар б.э.д. II ғ. даталанады[4].

Қазіргі кезеңде сармат ғибадатханалары туралы жазбаша дерек жоқ. Ресей жерінде ғибадатханалар табылған.

2001 жылы Ресейдің Кривой Рог аймағынан археолог Александра Мельниктің басшылығымен, диаметрі -116 метрлік, сыртында орны бар ғибадатхана зерттелді. Сыртындағы орына қазба жүргізіп ит, жылқы қаңқаларын тауып, орды құрбандық шалатын орын деп атаған. Автор бұны күн ғибадатханасы деген.

2003 жылы Ресейдің Волгоград облысы, Трёхостров Иловлин ауданы, Дон өзені өңірінде «Трёхостров ғибадатханасы» зерттелді. Ғибадатхана айырмашылығы оның сыртына ор қазылып, ішіне диаметрі 40 метрлік ошақ жасалып, от жағылған. Ресей ғалымдарының зерттеуін көрейік.- «Трёхостровской археологический объект - это сооружение, отличающееся не только внушительными размерами, но и, как оказалось, сложной внутренней архитектурой. Внешне это сооружение представляет собой искусственный холм высотой 3 м., и диаметром около 150 м. Объект окружен мощным рвом шириной от 24 до 32м., а современная его глубина - 2 м.

Своеобразная печь представляла собой, вероятно, круглую конструкцию диаметром до 40 м. Высоту ее определить трудно, она могла равняться нескольким метрам. Дно и внутренние стены печи предположительно были выложены сепиолитом (минерал класса силикатов, обладающий термо изолирующими качествами), выходы которого имеются в обнажениях близлежащих оврагов.

Отобранные образцы для радиоуглеродного датирования были отправлены в разные лаборатории. Были получены следующие результаты: три даты пришлись на поздний бронзовый век в пределах XV - XIII вв. до н. э., и шесть дат скифского времени VII - IV вв. до н. э.

Проведенное в 2002 г. обследование округа Трёхостровского сооружения позволило выявить следы нескольких поселений срубной культуры, которые, в случае отнесения святилища к позднему бронзовому веку, являются синхронными ему. Возможно, население этой культуры и возводило исследуемый нами объект» [5].

Сонымен «Трёхостров ғибадатханасы» қола дәуірінен, б.э.д. IV ғ. темір дәуіріне дейін даталанады. Скиф тайпалары сармат тайпаларымен туыс тайпалар болғандықтан олардың діни нанымдары да бірболған. Олар да ғибадатханал салып отқа, күнге табынған.

2015 жылы Ресейдің Ставрополь аймағынан да ғибадатхана табылды. Оның диаметрі 150 метр дуал мен ордан тұрады, ортатасы тегіс алаң болып келген. Онан қыш ыдыс сынықтары, темір пышық табылған.


Сарматтардың күнге, отқа табынғаны белгілі. Ол, туралы ертедегі гректер жазған. Геродот, Страбон еңбектерінен ежелгі сақтардың күнге табынғанын білеміз [6].

Бұған Томирис патшайымның Кирге «массагеттердің күн құдайымен анттемің» деген сөзін мысал ретінде келтіруге болады. Сақ тайпаларының бірі - массагеттер күнге, жарық пен жылу көзіне арнап ең жүйрік жануар - жылқыны құрбандыққа шалған. Массагеттер «Күн құдайы, массагеттердің иесімен» ант берген.

Қарабау 1 ғибадатханасы өзінің құрлысымен, евразия жерінде жалқы болып отыр. Ресей жеріндегі ерте темір дәуірінің ғибадатханаға ұқсастығы болғанымен, айырмашылығы да бар. Қарабау ғибадатханаларын келешекте жүйелі зерттеу қажет [7].




1 сурет. Қарабау ғибадатханалары.



2 сурет. Қарабау ғибадатханалары.



3 сурет. Қарабау ғибадатханалары.



4 сурет. Қарабау 1 ғибадатханасы.



5 сурет. Қарабау 1 ғибадатханасы.



6 сурет. Қарабау 1 ғибадатханасы.



7 сурет. Қарабау 1 ғибадатханасы.



8 сурет. Қарабау 1 ғибадатханасы. Солтүстіктен көрнісі.



9 сурет. Қарабау 1 ғибадатханасы. Оңтүстік апан шұңқырлары




10 сурет. Қарабау 1 ғибадатханасы. Солтүстік апан шұңқырлары



11 сурет. Қарабау 1 ғибадатханасы. Шығыс апан шұңқырлары



12сурет. Қарабау 2 ғибадатханасы.



13сурет. Қарабау 3 ғибадатханасы.



14 сурет. Қарабау 4 ғибадатханасы.



15 сурет. Қарабау 1 ғибадатханасы. Ортасына салынған кесінді қазба



16 сурет. Қарабау 1 ғибадатханасы. Ортасына салынған кесінді қазба



17сурет. Қарабау 1 ғибадатханасы. Кесінді қазбадан табылған жәдігерлер



18сурет. Қарабау 1 ғибадатханасы. Қамал - жалға салынған кесінді қазба



19 сурет. Қарабау 1 ғибадатханасы. Қамал – жалға салынған кесінді қазба



20 сурет. Қарабау 1 ғибадатханасы. Қамал - жал кесіндісі.



21 сурет. Қарабау 1 ғибадатханасы. Қамал – жалдағы бала қабірі



22сурет. Қарабау 1 ғибадатханасы. Қамал – жалдағы бала қабірі

Әдебиеттер тізімі:

1 Қорғанша қаласындағы, Жолайшағыл құмтөбелі қабіріндедегі археологиялық зерттеу жұмысының және Атырау облысында жүргізілген археологиялық барлау жұмысының 2006 жылғы есебі. Атырау - 2007 ж. (Касенов М.С.).

2 Атырау облысының тарих және мәдениет ескерткіштерінің жиынтығы. Қызылқоға және Индер аудандары. Атырау - Алматы, 2012. № 60. 62, 63 б.

3 Касенов М.С., Зайнов А.М. Қарабау обаларындағы зерттеулер. Марғұлан оқулары - 2019 / Маргулановские чтения – 2019. Нұр-Сұлтан, 2019. Материалы Международной археологической научно - практической конференции, посвященной 95 – летию со дня рождения выдающегося казахстанского археолога К.А.Акишева. Нур-Султан, 19-20 апреля 2019 г. 296 -300 с.

4 Касенов М.С., Сейткалиев М. Погребенная в песках Жолайшагыла. Мәдени мұра. №1 (70) / 2017 ж. Қаңтар – ақпан. 132-135 б.

5 «Древнее Сятилище огнепоклонников на берегах Дона». А.С. Скрипкин, А.Н. Дьяченко. Стрежень. Научный ежегодник / под ред. М.М. Загоруйко. Вып. 6. Волгоград. 2008 г.; «Необычное древнее сооружение в излучине Дона». В.А. Демкин, Т.В. Алексеева, А.О. Алексеев, А.С. Скрипкин. // Журнал «Природа». №8 2003 г.

6 Касенов М.С. Қарабау 3 обасындағы қазба. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің Хабаршысы. Атырау, №2 (49), маусым, 2018 ж. 13-30 б.

7 Касенов М.С. Сарықамыстың археологиялық ескерткіштері. Халел Досмұхамедов атындағы Атырау мемлекеттік университетінің Хабаршысы./ Вестник. Атырауского государственного университета имени Халела Досмухамедова. Атырау, №1 (52), наурыз, 2019 ж. 23-26 б.

Аннотация

Статья рассматривает итоги исследования святилища Карабау, Кызылкогинского района, Атырауская область. Святилища расположены в 1 км., к западу трассы Индер-Миялы, на северной части села Карабау на расстоянии 9,5 км. Их диаметры: между 70-150 метров. Место расположения святилищ, это равнинная местность, растилающийся с севера на юг. Размеры территории: 6 х 4 км.

Вблизи святилищ Карабау имеются десятки могильников. Они относятся к периоду железного века. В раннем железном веке племена сооружали святилища для солнца и огня. Позже около них сооружали могильники, тем самым превращались в объект поклонения.

В настоящее время письменные данные о сарматских святилищах не имеются. Известно, что сарматы поклонялись солнцу и огню. Об этом писали древние греки. По летописям Геродота, Страбона, мы знаем, что сарматы поклонялись солнцу.

Несмотря на предварительным разведок, анализируется результаты имеющие разностороннее научное значение. В ходе исследования получена ценная информация, позволяющая поновому взглянуть на историю и культуру ранних кочевников региона.

Ключевые слова: Карабау, святилища, стоянки, сарматы, реликвии, культура, погребальный обряд.

Abstract

Saints are located 1 km. to the west of the Inder-Miyaly highway, in the northern part of the Karabau village in Kyzylkoginsky district at a distance of 9,5 km. Their diameters: between 70 - 150 meters. We describe them separately. The location of the sanctuaries is flat terrain, growing from north to south. Dimensions: 6 x 4 km.

Near the saints Karabau there are dozens of burial grounds. They belong to the period of the Iron Age. In the early Iron Age, tribes built shrines for the sun and fire. Later, burial grounds were built around them, thus becoming an object of worship. Currently, written data on the Sarmatian shrines are not available.

It is known that the Sarmatians worshiped the sun, fire. This was written by the ancient Greeks. According to the annals of Herodotus, Strabo, we know that the Sarmatians worshiped the sun.

During excavation it was taken valuable information and data which helps to look and reveal new cultural values of nomadic tribes of the region. Ruins of burial, different valuable, cultural values, of nomadic tribes, of the region.

Key words: Karabau, shrines, parking lots, sarmatians, relics, culture, burial rite.

МРНТИ 18.41.07

¹ **К.А.Санти Эстефан.,² Г.Джаксиева**

¹ профессор Музыкальной консерватории «Антонио Буцолло»
Италия

² старший преподаватель Атырауского государственного университета
им. Х.Досмухамедова
г.Атырау., Республика Казахстан

E-mail: gulnarajux@mail.ru

О РОЛИ КОНЦЕРТМЕЙСТЕРА В ВОКАЛЬНОМ КЛАССЕ

Аннотация

В данной статье рассматриваются вопросы концертмейстерского мастерства в вокальном классе профессора Музыкальной консерватории